АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АУДАНАРАЛЫҚ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ СОТЫ

СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЙ
МЕЖРАЙОННЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ
СУД АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

060000, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласы, Сәтпаев даңғылы, 3, тел: +7 (7122) 21-57-97; факс: +7 (7122) 21-57-97 ; email: 060202@sud.kz

060000, Республика Казахстан, Атырауская область, город Атырау, улица Сатпаева, 3А, тел: +7 (7122) 21-57-97; факс: +7 (7122) 21-57-97 ; email: 060202@sud.kz

08.08.2023 № 2301-23-5-21/10160

«Қайыршақты ауылдық округі әкімі аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Сізге, талап қоюшы «Қайыршақты ауылдық округі әкімі аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Termogroup» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және келісім-шартты бұзутуралы талабы бойынша 2023 жылғы 19 маусымда шығарылған шешім көшірмесін орындау үшін жолдайды.

Қосымша: Шешім көшірмесі -1 дана.

Төраға м.а. **А.Султангалиева**

Орынд.: Мұхтау Ш. Т.
тел.: 87122-20-51-38, 712-2467@sud.kz

Құжатты жасаған МҰХТАУ Ш. Т., 87122-20-51-38, 712-2467@sud.kz
Құжатқа қол қойылған СУЛТАНҒАЛИЕВА А. Е., 08.08.2023 14:44

ҚР Жоғарғы соты, Төрелік АЖ. ЭСҚ тексеру нәтижесі ОК

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 19 маусым №2301-23-00-2/1019 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы Ш.Т.Мұхтаудың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қайыршақты ауылдық округі әкімі аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Termogroup» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор М.Қыстаубаева
Талап қоюшының өкілі С.М.Орынгалиева
Жауапкер өкілі А.Жанұзақ

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Қайыршақты ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі және «Termogroup»ЖШС (әрі қарай - Орындаушы) арасында 2023 жылғы 3 сәуірдегі №23 Құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарты (әрі қарай-Шарт) жасақталған. Келісім-шарттың 2-тармағының 1-тармақшасына сәйкес, Орындаушы осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша жұмыстарды орындауға міндеттенген.

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес жауапкерталап қоюшыға «Атырау қаласы, Еркінқала ауылдық округінің және елді мекендерінің көшелерін санитарлық тазалау жұмыстарын жүргізу»қызметтерін көрсетуге міндеттенген.

Шарттың сомасы -22 176 000теңге, орындау мерзімі - Шартқа қол қойылған күннен бастап, 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

Орындаушымен шарт бойынша алынған міндеттемелер тиісті деңгейде орындалмай,қызмет көрсетілмеген.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, орындаушымен жүргізіліп жатқан жұмысқа қанағаттанбай, келісім-шарт құжаттамасының 6-қосымша 4-тармағында көрсетілген қажетті материалдық және еңбек ресурстарының сұратылған талапқа сай келмейтіндігін анықтап, атап айтқанда шағын грабитті қоқыс тасымалдауға арналған қоқыс тасығыш саны - 2, қоқыс тасығышқа сыймайтын қоқыстарды тасымалдауға және техника кіре алмайтын жолдармен жүру мақсатында тіркемесі бар трактор саны - 1, жұмысшылар саны - 12 деп көрсетілгенімен, бұл талапқа мүлдем сай келмегенін көрсетті.

Округ бойынша 25 мыңға жуық халық саны бар елді мекенде тазалық үздіксіз жүргізіліп тұруды қажет ететінін. Алайда, тұрғындардың тазалыққа, қоқыс жәшіктерін уақытында тазаланбайтындығы бойынша шағымдар өте көп екенін. Бұған себеп Орындаушының жұмысшы саны мен техникасының жетіспейтіндігі екенін. Тазалық жұмыстарының нәтижесіне қанағаттанбаған ауыл тұрғындары әлеуметтік желісі және жеке блог арқылы көптеген арыз-шағым түсіруде екенін, сондықтан қызметтер уақытында көрсетілмей отырғандығын, сондықтан оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Талап қою арызға жауапкермен қарсы пікір ұсынылған.

Сот отырысына жауапкер өкілі А.Жанұзақталап қою арызға қарсы пікірін қолдап, талап қоюшымен конкурстық құжаттамада және қосымша 1-ге сәйкес жұмыстар атауы шөп жұлу жұмыстары деп көрсетілсе, ал техникалық ерекшеге сәйкессанитарлық тазалау жұмыстарын жүргізу деп көрсетілгенін, осыған байланысты араларында даулы мәселелер туындағанын, сонымен қатар тапсырыс беруші техникалық ерекшелікте көзделмеген жұмыстарды талап еткендігін, талап қоюшының басқа мекемемен шартқа отыру мақсатында осы шартты бұзуға тырысып отырғандығын көрсетіп, соттан талап арызды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Прокурор М.Қыстаубаева талап толық көлемде қанағаттандырылуға жатады деген қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай

Құжатқа қол қойылған: Дәуешова О. Ш., 03.07.2023

шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміөздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Талап қоюшы сот отырысында жауапкер тарапынан шарттың міндеттемелері тиісті деңгейде орындалмай, қажетті қызмет шартта көрсетілген мерзімде жасалмай, нәтижесінде талап қоюшы үшін жағымсыз салдар пайда болғанын айтып өтті.

Жауапкердің барлық жұмыстар тиісті деңгейде жүргізілуде деген уәждері сот отырысында өз дәлелін таппады, өйткені сот отырысында зерттелген Конкурстық құжаттамаға 2-2 қосымша жұмыстардың техникалық ерекшелігінен көрінгендей орындаушыға 2023 жылға Қайыршақты ауылдық округіне қарасты көшелер мен елді мекендерді санитарлық тазалау жұмыстары жүктелген, жұмыс көлемінде жазбаша түрде бір қатар жұмыстар көзделген.

Сонымен қатар, белгілі бір учаскені тазалау бойынша орындалған барлық жұмыстар, осы жұмысты орындаған адамдар саны мен техника саны орындалған жұмыстар туралы акт бойынша Тапсырыс беруші өкілінің қатысуымен күн сайын сағат 18.30-дан кешіктірілмей қабылданады делінген.

Сотқа ұсынылған конкурстық құжаттамаға қосымша 6-ға сәйкес, қажетті материалдық және ресурстарының болуы, атап айтқанда: материалдық ресурстар - шағын габаритті қоқыс тасымалдауға арналған қоқыс тасығыш - 2 дана, қоқыс тасығышқа сыймайтын қоқыстарды тасымалдауға және техника кіре алмайтын жолдармен жүру мақсатында, тіркемесі бар трактор - 2 дана, самосвалдар - 1 дана, қардан тазарту үшін және жиек тас жанын тазалау үшін тиегіш қажет - 1 дана, қар суларды тартып сорып шығару үшін вакуумдық автокөлік - 1 дана болуы, еңбек ресурстары: 12 жұмысшыларының болуы тиіс.

Одан басқа, 2023 жылғы 22 мамырда электрондық портал арқылы орындаушыға Қайыршақты ауылдық округі әкімі Ш.Қалиевпен жауапкерге жұмыстар тиісті деңгейде жүргізілмеуіне байланысты тұрғылықты халық арасында наразылықтар пайда болуы, әлеуметтік желілерге жазу туралы, осыған байланысты талап қоюшымен орындаушыға қатысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотқа талап берілетіні туралы ескертпе хат жолданғаны анықталған.

Сонымен қатар, 2023 жылғы 21 сәуірде Атырау қаласы әкімі М.Қалауидың Ақжар, Ақжар-2 ауылдары тұрғындарымен өткізілген кездесуінің хаттамасынан көрінгендей, тұрғындар арасында тазалық жұмыстарын жүргізуші «Termogroup» ЖШС-нің жұмысына

Құжатқа қол қойылған Дауешова О. Ш., 03.07.2023

қанағаттанбаушылық бар екендігі көрінеді, аталған хаттамаға жалғанғанфотосуреттерден ауылдық округ ішінде қоқыстар шашылып, жиналмай жатқандығы анықталды.

Сотпен анықталғаны жауапкермен шарттың міндеттемелері шартта көрсетілген мерзімде толық көлемде орындалмаған, ол туралы электрондық портал арқылы жауапкерге бірнеше хабарламалар, ескертпелер жолданған, және де сотта зерттелген фотосуреттерден де көрінеді, сот отырысында аталған жәйтті жоққа шығаратын дәлелдемелер жауапкермен сотқа ұсынылмады.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қайыршақты ауылдық округі әкімі аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Termogroup» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

«Termogroup» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Termogroup» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Көшірме дұрыс

Тораға м.а. А.Е.Султангалиева

Анықтама

Шешім заңды күшіне 2023 жылы "04" тамызы енді.

Тораға м.а. А.Е.Султангалиева

Құжатқа қол қойылған Даурешова О. Ш. 03.07.2023